

Объектілерді жекешелендіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 ақпандағы N 45. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.10.09. N 1429 қаулысымен. ~P971429

1. Жекешелендіру кезінде бағалаудың дұрыстығын және республика экономикасына инвестиция тартудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "Ақбақай КБК" мен "Васильков КБК" акционерлік қоғамдарын жекешелендіру туралы материалдарды Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына енгізсін.

2. Жекешелендіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (Павлов А.С.) консультанттарды қатыстыра отырып жоғарыда аталған объектілерді жекешелендіру жобасын қарауды және шешім қабылдауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр